

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная школа № 2 поселка Жолымбет отдела образования по Шортандинскому району управления образования Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жыл 23 тамыз

№ 151

Шортанды ауданының білім беру ұйымдарында 2022 - 2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және демалыс кезеңдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылдың 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және Ақмола облысы білім басқармасының 2022 жылдың 18 тамыздағы № 250 бұйрығы және Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 172 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарда 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;
- 2) оқу жылының ұзақтығы бірінші сыныптарда - 35 оқу аптасы, 2-11(12) сыныптарда - 36 оқу аптасы.
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) сыныптарда: күзгі каникул - 7 күн (2022 жылғы 31 қазан - 6 қараша аралығында), қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18 – 26 наурыз аралығында);

- 1 – сыныптарда: қосымша каникул - 7 күн (2023 жылғы 6 - 12 ақпан аралығында)
2. Осы шыққан бұйрықтың орындалуын оқу ісінің меңгерушісі Мустахова Бердигулге міндеттеймін.

Мектеп директоры



А.Молдобаева